



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН РЕЖЕП ТАЙИП ЕРДОҒАН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Түркия Республикасына ресми сапармен келген Қасым-Жомарт Тоқаевты Анкарадағы Президент сарайында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қазақстан Президентінің сапарына орай Құрмет қарауылы

сап түзеді. Сарайға келген сәтінде Мемлекет басшысының көртежін салт атты гвардия бастап жүрді. Қасым-Жомарт Тоқаевты Режеп Тайип Ердоған қарсы алды. Қазақстан мен Түркияның

мемлекеттік әнұрандары шырқалып, зеңбіректен 21 рет оқ атылды. Екі елдің басшылары Құрмет қарауылының алдынан жүріп өтіп, бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Одан соң мемлекеттер басшылары келіссөз жүргізді.

Келіссөз аясында президенттер Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту перспективасын жан-жақты талқылады.

Сондай-ақ сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытқаны үшін Түркия Президентіне алғыс айтты.

Режеп Тайип Ердоған екі ел арасындағы қарым-қатынасты жаңа әрі сапалы деңгейге шығаруға дайын екенін растады. akorda.kz

«ТАЛДЫҚОРҒАН - ҮШАРАЛ» МАГИСТРАЛДЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН АЯҚТАЛАДЫ



«Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы биылғы жылдың қыркүйек айында толық аяқталады. Соның нәтижесінде Жетісу облысының Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарындағы 84 елді мекен табиғи газбен қамтылады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Алакөл ауданындағы жұмыс сапары барысында белгілі болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Еске салсақ, өткен жылы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Жетісу облысына келген сапарында «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы басталған болатын. Ел Президенті тапсырмасының аясында жүзеге асырылып жатқан осы іргелі жобаның іске асырылу барысымен танысу мақсатында облыс әкімі «Үшарал» АГТС нысанында болды.

«Интергаз Центральная Азия» АҚ Алматы филиалы магистралды газ құбыры басқармасының директоры Руслан Сүйіндіковтің айтуынша, магистралды газ құбырының ұзындығы – 302,4 км, диаметрі 530 мм. Желінің бойында 6 автоматтандырылған газ тарату станциялары салынууда. Станциялардағы құрылыс жұмыстары 80 %-ға аяқталған.

Бүгінгі күнге төрт станцияның технологиялық құрал-жабдықтары сынақтан өткізілді. Жақында тағы 2 станцияда сынақ жұмыстары жүргізіледі. Магистралды газ құбыры құрылысын аяқтау мерзімі 2026 жылдың соңы деп белгіленген болатын. Дегенмен жобаның әлеуметтік

маңыздылығын ескеріп, оған күш жұмылдырудың арқасында мерзімінен 1 жыл 4 ай бұрын, яғни алдағы қыркүйек айында аяқтаймыз деп жоспарлап отырмыз. Аталған жобаны іске асыру нәтижесінде 84 елді мекен көгілдір отынмен қамтылып, 440 мыңдай тұрғын газға қосылуға мүмкіндік алады. Қазір аудан әкімдігімен бірге АГТС-тан елді мекендерге газ құбырын тарту жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде. Бұдан соң елді мекендерге көгілдір отын тарту жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылады, - деді Руслан Сүйіндіков.

«Интергаз Центральная Азия» АҚ Алматы филиалы магистралды газ құбыры басқармасының директоры Руслан Сүйіндіковтің айтуынша, магистралды газ құбырының ұзындығы – 302,4 км, диаметрі 530 мм. Желінің бойында 6 автоматтандырылған газ тарату станциялары салынууда. Станциялардағы құрылыс жұмыстары 80 %-ға аяқталған. Өңір басшысы бұл жобаның аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ерекше рөлін атап өтіп:

- «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбырының халықтың тұрмыс деңгейін көтерудегі маңызы зор. Газ жеткізілсе, бұл осы аймақтағы, зауыттарға, жылыжайларға, шағын және орта бизнес нысандарының жұмысына жаңа серпін береді. Бұған қоса болашақта газ құбыры лупингін де қолға алу қажет, - деді Бейбіт Исабаев.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ АЛАКӨЛ АУДАНЫНДА БИЫЛ 12 МЕДИЦИНА НЫСАНЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ



Алакөл ауданының Достық ауылындағы 600 орындық «Келешек мектебі» жаңа оқу жылында қолданысқа беріледі. Сонымен қатар Үшарал қаласында оқушы орнының тапшылығы мәселесін шешу үшін 600 орындық мектеп құрылысының жобасы даярлануда. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Алакөл ауданы тұрғындарымен кездесуі барысында айтылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысының айтуынша, ауданда денсаулық сақтау инфрақұрылымын жақсарту бағытында өткен жылы 4 нысан Қамысқала ауылында дәрігерлік амбулатория, Арқарлы, Қоңыр және Бибақан ауылдарында 3 блокты-модульді медициналық пункт қолданысқа берілген. Биыл 12 денсаулық сақтау нысанын іске қосу жоспарланған, оның 9-ы «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынууда.

- Медицина нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға да көп көңіл бөлініп келеді. Осы жылы ауданға 3 санитарлық автокөлік сатып алынып, Бұлақты, Теректі ауылдары мен Үшарал қаласына берілді. Сондай-ақ аудандық

орталық ауруханаға сандық маммограф, С-тәрізді доғасы бар электронды-оптикалық түрлендіргіш, рентгендік цифрлық тұрақты аппарат сияқты заманауи медициналық құрал-жабдықтар сатып алуға қаржы бөлінді. Бүгінгі күнге конкурстар аяқталды, жабдықтар қазан айына дейін жеткізіліп, орнатылады, - деді Б. Исабаев.

Осы ретте ауданға өткен жылы жұмысқа келген 9 дәрігерге 80 млн. теңге көлемінде қайтарымсыз көтерме жәрдемақы төленгенін, сонымен қатар 7 дәрігерге Үшарал қаласы мен

Қабанбай ауылында тұрғын үй берілгенін де атап өтуге болады.

Облыс әкімі өз сөзінде спорт пен мәдениет салаларындағы қолдау шараларына да тоқталып өтті. Мәселен, 2024 жылы Достық ауылында 180 орынды дене шынықтыру сауықтыру кешені салынса, биыл Лепсі ауылында осындай кешен, 244 орынды жатақхананың құрылысы аяқталған, алдағы қыркүйек айында қолданысқа беріледі. Сол сияқты «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Екпінді, Көлбай ауылдарында мәдениет үйлері салынып жатыр.

Жалпы, 2024-2025 жылдары ауданға инфрақұрылымдық, әлеуметтік нысандарды салуға, қайта жаңғыртуға және жобалау жұмыстарына бюджеттен 41,5 млрд. теңге бөлінген. Бұл облыстың аудандарға бөлген қаражатының ішінде ең ірі бюджеттердің бірі саналады және бұл қаражат халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталып отыр.

Облыс әкімі тиісті лауазымты тұлғаларға бюджет қаражатының уақытылы, сапалы игерілуін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚТА 40 ОРЫНДЫҚ ЖАҢА КОРПУС АШЫЛДЫ



Талдықорғанда аутизм және басқа да менталды ауытқулары бар балаларға арналған күндізгі болу орталығы үш жылға жуық уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Бүгін орталықтың қосымша 40 балаға арналған екінші корпусы ашылды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Орталыққа балалар ПМПК-ның жолдамасымен және жеке оңалту жоспары бойынша қабылданады. Балалармен күніне төрт-төрт жарым сағат көлемінде сабақ өткізіледі. Мұнда дефектолог, логопед, тәрбиеші және мінез-құлықты түзетуге көмектесетін АВА терапиясы мамандары жұмыс істейді.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Сәния Наурызбаеваның айтуынша, қосымша бөлімше арнайы көмекке деген сұраныстың артуына байланысты ашылып отыр. Бүгінде өңірде «аутизм спектрінің бұзылысы» (АСБ) диагнозы қойылған 460-тан астам бала мен жасөспірім тіркелген.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында осындай диагнозы бар балаларға ерекше көңіл бөліп, оларға арнап оңалту орталықтарын ашу қажеттігін айтқан болатын. Біздің өңірде бүгінде балаларға арналған жеті оңалту орталығы жұмыс істейді. Талдықорғандағы осы орталық үш жыл бұрын ашылған. Облыс әкімдігінің қолдауының арқасында бүгін біз екінші корпусын пайдалануға беріп отырмыз. Аутизмі бар балаларға арналған орталықтың бұл филиалы ғимараттың жалпы ауданы – 580 шаршы метр. Біздің мақсатымыз – аутизмі бар балалардың өз әлеуетін ашуына көмектесу, оларды қоғамға бейімдеу, – дейді С. Наурызбаева.

Атап өтсек, бұл ғимаратта да негізгі корпустың сияқты медбике, дәрігер, дефектолог, логопед сияқты қажетті педагогикалық және медициналық мамандар жеткілікті. Және барлық қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Осы орайда Орталыққа келіп жүрген балалардың ата-аналары да пікір білдірді. Сегіз жасар Аңсар Берікжанның анасы Назгул Серікова:

– Біз бұл жерде біраз уақыт оңалту шараларын қабылдадық. Соның арқасында ұлым мектепке барды. Биыл екінші сыныпқа көштік. Бұрын Аңсар атын атағанда мүлде қарамайтын. Қазір нақты ілгерілеу бар. Балаларға көрсеткен қамқорлықтары үшін орталықтың барлық қызметкерлеріне үлкен рақметімді айтамын! – дейді.

Қазіргі уақытта Талдықорғанға жақын орналасқан аудандарда тұратын осындай диагнозы бар балалардың тізімі жасалып жатыр. Жақын арада бұл балалар жаңа корпусқа қабылданатын болады.

Фотосуреттердің авторы: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ, ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ, ҚОҢЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАҒАН ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2025 жылғы «27» шілдеде өткен Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қоңыр ауылдық округінің әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде, Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 1976 жылы туған, Ескелді ауданының Қоңыр ауылында тұратын, Қоңыр ауылдық округінің әкімі Кулахметов Арай Елубекұлын Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қоңыр ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді.

Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ЖЕТИСУДА «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ – ҰЛЫ АБАЙЫ» АТТЫ 10 КҮНДІК МӘДЕНИ-РУХАНИ ШАРА ӨТКІЗІЛМЕК



Жетісу облысында Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен, этномәдени бірлестіктер, Аналар мен Ақсақалдар кеңесінің қолдауымен ұлы ойшыл, ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының мұрасына арналған «Ұлы даланың – ұлы Абайы» атты он күндік мәдени-рухани шара өткізіледі.

Жоба аясында өңір тұрғындары мен түрлі этнос өкілдері Абай шығармашылығын тереңірек танып, оның ұлт болашағы үшін сіңірген еңбегін қайта зерделеуге мүмкіндік алады. Шараның алғашқы күнінде әлеуметтік желілер арқылы ақын мұрасына арналған құттықтаулар мен бейнежолдаулар жарияланып, этномәдени бірлестіктердің, ҚХА мүшелерінің және зиялы қауым өкілдерінің жылы лебіздері ұсынылады.

Бұдан бөлек, күн сайын Абайдың қара сөздеріне арналған бейнематериалдар жарияланып, аға буын өкілдері мен жастар ақынның философиялық ойларын қазіргі қоғам тұрғысынан талқылайды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде ҰлыАбай өлеңдері атты челлендж бастау алып, қатысушылар Абайдың өлеңдерін жатқа оқып, өз бейнежазбаларын бөлісуде.

Мәдени шара аясында қалалық қоғамдық орындарда тұрғындар арасында сауалнама жүргізіліп, халықтың Абай мұрасына қатысты таңым деңгейі сарапқа салынады. Жауап берген белсенді азаматтарға естелік сыйлықтар табысталады.

Абайдың шығармашылығына арналған оқырмандар кеші де ерекше форматта өтпек. «Мәміле» клубының қатысуымен ұйымдастырылатын бұл кездесуде ақын туындылары оқылып, пікір алмасу ұйымдастырылады. Ал Қаратал өзенінің жағалауында ашық микрофон форматында өтетін музыкалық кеште Абайдың әндері шырқалады. Қатысушылар «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» сынды туындыларды домбырамен немесе караоке нұсқада орындай алады.

Шара аясында ұлттық ойындарға да басымдық беріліп отыр. Жергілікті жағажай аумағында асық ату, қол күрес, арқан тартыс және қазақ күресі секілді ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталады.

Сонымен қатар, «Абай» мейрамханасында өзе ұлт өкілдері арасында ақын шығармашылығына қатысты интеллектуалды ойын өтіп, жеңімпаздарға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталады. Қалалық жағажайда жасатар мен суретшілердің қатысуымен Абай бейнесіне арналған заманауи көркем инсталляциялар қойылады.

Он күндік ақынның рухани мұрасына арналған поэзиялық кешпен қорытындыланады.

Аталған шара «Абай» мейрамханасының терассасында ашық микрофон форматында өтеді. Жастар мен өнерпаздар Абайға арналған өлеңдерін оқып, музыкалық қойылымдар ұсынады. Кеш соңы ортақ әнмен және естелік суретке түсумен аяқталады.

Шара ұйымдастырушыларының айтуынша, бұл жоба – өңірде рухани тұтастықты арттырып, көпэтносты қоғамда ұлттық мұраға деген құрметті күшейтудің жарқын үлгісі болмақ.

В 18 ПРЕДПРИЯТИЯХ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ ВЫЯВЛЕНЫ НАРУШЕНИЯ – УСТРАНЯЮТСЯ ПРОБЛЕМЫ, МЕШАЮЩИЕ КОНКУРЕНЦИИ



На площадке Региональной службы коммуникаций области Жетісу состоялся брифинг, на котором Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции РК по области представил итоги работы за первое полугодие 2025 года.

В ходе пресс-конференции руководитель департамента Маржан Кальменова рассказала о мерах, принятых для защиты и развития конкурентной среды в регионе. Основная цель – установление справедливых рыночных правил и устранение препятствий, мешающих предпринимательству.

Были проведены расследования по признакам картельных соглашений в сфере государственных закупок, по итогам которых приняты соответствующие меры. Кроме того, установлено, что компания «Жетысугаз» реализовывала сжиженный газ потребителям по разным ценам. После вмешательства департамента ситуация была урегулирована, и сейчас газ реализуется по единой цене для всех.

В рамках планового мониторинга на 2025 год была проанализирована деятельность 36 субъектов квазигосударственного сектора. В результате в 18 государственных предприятиях выявлены нарушения антимонопольного законодательства, по которым выданы предписания об их устранении.

Рассмотрено 21 обращение, касающееся изменения или расширения видов деятельности предприятий. Из них 17 были согласованы, а в 4 случаях – отказано из-за несоответствия требованиям законодательства.

В текущем году проведён анализ развития конкуренции на восьми товарных рынках, включая мясо птицы, продукты питания, авиационное топливо, хлеб и гостиничные услуги. В настоящее время продолжается изучение ещё трёх сфер: дошкольного и среднего образования, а также услуг по пересылке почтовых отправлений.

По результатам анализа продовольственного рынка предложено внедрение электронных платформ для закупок продукции напрямую у производителей. Такой подход позволит повысить прозрачность, усилить конкуренцию и упростить доступ поставщиков к рынку.

С начала года Советом по устранению барьеров проведено семь заседаний, по итогам которых устранены три конкретных препятствия, два из них – на местном уровне.

В целях предотвращения нарушений антимонопольного законодательства рассмотрено девять актов антимонопольного комплаенса, все из которых признаны соответствующими требованиям законодательства.

ТАБИҒАТТЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАУ БАРШАМЫЗДЫҢ ПАРЫЗЫМЫЗ

Шілденің орман белінен басталып, қыркүйектің басына дейін жалғасатын аптап ыстық өртке қарсы қызметі үшін аса бір сындарлы мерзімдердің бірі. Өйткені, таулы-далалы алқапта, жалпы табиғат аясында орын алатын өрт оқиғалары жиілейді. Құрғақ шөп күннің ыстықтығынан, яки, басқа себептерден тұтанса, аз мерзімнің ішінде ұланғайыр аумақтарға жайылып, алапат өртке айналмақ. Ең қауіптісі, орманға, егіндікке жайылып кету апатын да тудырады. Мал жайылымын құртып, мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтардың нысандарына, аша-тұяқтысына қауіп төндіреді.

Қазіргі күндері облыс бойынша 3-4 өрт таулы-далалы аймақта тіркеліп отыр. Осыған орай өртке қарсы қызметті күшейтілген жұмыс күніне көшірілген. Өрт кезінде өртке қарсы қызметінің басқа да мекемелермен атап айтқанда, әкімдіктермен, көлік-коммуникация мекемелерімен, орман шаруашылығы басқармалармен т.б. қажетті орындармен бірігіп өзара әрекет ету іс-жоспарлары жасалған.

Бүгінгі таңда табиғат аясында орын алған өрттің бастамасына көбінде адамның да себебі болатындығын айта кетуге болады. Даладағы өрттің көпшілігінде автокөлік тасжолының бойынан басталатындығын анықтау жұмыстары көрсетіп отыр. Оған не себеп дейсіз ғой. Оған себеп мысалы көлік жүргізушісінің өшірмей терезеден лақтыра салған темекі тұқылы екендігі сөзсіз. Сонымен қатар малшылардың да отты абайсыз қолданғандары да туған жердің отқа орануының бірден-бір себебі болуда.

ТАБИҒАТТЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАУ БАРШАМЫЗДЫҢ ПАРЫЗЫМЫЗ

Аудан өңірін өрттен қорғау үшін өртке қарсы қызметі бірқатар тиімді шараларды жүзеге асыруда. Олардың бірі Талдықорған орман қорғау мекемесімен бірге табиғат аясындағы өртті анықтау мен ауыздықтау арналған жұмыстар үйлестірілуде. Орман қорғаушы мекемесінің мамандары қазіргі уақытта күн сайын аудан аумағын шарлап ұшады. Мақсат табиғат аясында шыққан өртті анықтап, оны сөндіруге күштерді жедел жұмылдыру. Бұл шараның нәтижесінде дала алқабын, орманды, таулы өңірді шарпыған өртті өрттің шағын көлемдерінде ауыздықтауға және оттан келетін зияндық көлемін барынша кемітуге септігі тиюде.

Қортындысында, баршаларыңызды табиғат аясында отқа сақ болуға шақырамыз. Өрттің барлығының абайсыздық танытқандықтан, елеп ескерілмегендіктен шығатындығын ұмытпайық. Және де туған жерді өрттен қорғау, аялап, қадірлеу әр азаматтың қастерлі парызы екендігі есімізде болғаны жөн.

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданының
ТЖБ аға инженері
азаматтық қорғау капитаны

МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚ

Құқық дегеніміз – мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелердің жиынтығы.Құқық терминінің көптеген мәні бар, ол заң ғылымында күнделікті өмірде және қызмет бабында қолданылады. Кең мағыналы түсінік болғандықтан, әрбір адамның құқықтың мәні туралы қандай да пікірі қалыптасатыны сөзсіз.

Заң ғылымында «құқық» термині бірнеше мағыныда қолданылады. Біріншіден «құқық» ресми түрде танылған жеке және заңды тұлғалардың заңға сүйене отырып, әрекет жасау мүмкіндігі. Мысалы, азаматтардың еңбек ету бостандығы, білім алу, меншік иесі болу, кәсіпкерлікпен шұғылдану құқығы. Заңды тұлғалардың да құқықтық мүмкіндіктері бар. Осы келтірілген жағдайларда «құқық» түсінігі субъективтік мағынада қолданылады.

Субъективтік құқық – тұлғалардың мүддесін қанағаттандыру мақсатымен құқықтық нормалардың құқық тұлғаларына берілген құқықтық мүмкіндіктері.

Екіншіден, «құқық» – құқық нормаларының жүйеге келтірілген жиынтығы.

Норма дегеніміз – бір қатынасты реттеп, басқаратын ереже. Нормалардың қоғамда қалыптасқан екі түрі бар:

- 1) Әлеуметтік нормалар
- 2) Техникалық нормалар

Қоғамдағы көптеген қарым-қатынастарды реттеп, басқарып отыратын негізгі құрал әлеуметтік нормалар. Әлеуметтік нормалар адамдардың іс-әрекетінің, мінезінің тәртібінің қоғамдық ережесі болғандықтан қоғамды басқарудың, қатынастардың құрамына айналады.

Бұл нормалардың негізгі түрлері:

- құқық нормасы
- моральдық нормалар: жақсы-жаман, дұрыс-бұрыс, әділеттік-әділетсіздік, достық-қастық, инабаттық, парасаттылық, адамгершілік, т.б. қасиеттері.
- саяси нормалар
- эстетикалық нормалар
- қоғамдық ұйым, ұжымдардың ереже қағидалары
- әдет-ғұрып нормалары
- салт-дәстүр нормалары
- діни, имандылық, инабаттылық нормалары

Мұрагерлік құқық.

Мұрагерлік құқық азаматтық құқықтың бір бөлігі болып табылады. Мұрагерлік құқық – қайтыс болған адамның мүлкінің мұрагеріне көшу тәртібін белгілейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады.

Мұра екі түрде қалдырылады: заң және өсиет бойынша.

Мұра қалдырушы қайтыс болар алдында мүлкі жайлы ешкімге өсиет етпесе немесе өсиет еткеннен кейін да мүлік иесіз қалса, мұрагерлер заң бойынша мұраға ие болуға шақырылады.

Мұраға ие болудың кезектері:

- 1.Бірінші кезекте, мұраға тең үлеспен мұра қалдырушының балалары, соның ішінде қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары, сондай-ақ мұра қалдырушының жұбайы мен ата-анасы ие болады.
- 2.Заң бойынша мұрагер болу құқығын, екінші кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының ата-анасы бір, ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі алады.
- 3.Үшінші кезекте, тең үлеспен мұра қалдырушының туған немере ағалары мен апалары алады. Туыстық дәрежесінің жақындығы ортақ ата-бабасының туу саны негізінде анықталады. Әрбір дүниеге келу бір ата (бір туыстық) дәрежесі деп аталады. Жалпы АҚ 1064-1068 баптары бойынша мұраға ие болу кезегі жетіге дейін болуы мүмкін. Мұрагерлік кезінде, бір жағынан, асырап алынған және оның ұрпақтары және екінші жағынан, асырап алушы мен оның туыстары қандас туыстарға теңеледі және т.с.с. Жақын туыстар деп ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырып алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек емес ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, аға-қарындастар, ата, әже немерелерді айтуға болады.Әр азамат тірісінде өз дүние-мүлкін кімге болса да мұра етіп қалдыра алады. Өсиет бойынша мұрагерлік дегеніміз – заңда көрсетілген ретпен жасалған азаматтың өз дүние мүлкін кімге қалдыру жөніндегі тірі кезінде жасалған ерікті тапсырмасы. Өсиет жазбаша түрде жасалады. Оны нотариалдық кеңсе немесе жергілікті әкімшілік растайды. Өсиет қағазына мұра қалдырушы қол қояды, бірақ бұл кезде оның жанында нотариус немесе басқа лауазымды адам болуға тиіс. Әрекет қабілеттігі жоқ адам, болмаса өз әрекетінің мәнін түсінбейтін адам өсиет қағазына қол қоя алмайды. Мұра қалдырушы өз өсиетін өзгертуге де, жоюға да ерікті және кейінгі жасалған өсиет қағазы алдыңғыларын жоққа шығара алады.

Өсиет бойынша мұрагерлер мыналар болуы мүмкін:

- 1.заңға сай мұрагерлер;
 - 2.заң бойынша мұрагерлікке кірмейтін бөтен адамдар;
 - 3.мемлекет пен жеке ұйымдар;
- Мұра ашылғаннан кейін заңда көрсетілген мерзім ішінде (6 ай, Азаматтық Кодекс 1063-бап) мұрагер ол мұраны қабылдай алады.

Мұрагерлікті қабылдау. Мұрагерлікті қабылдау – бұл мұрагер жасайтын біржақты мәміле. Азаматтық заңдар мұраны қабылдаудың екі тәсілін қарастырады:

- 1.мұрагерлік мүлікке нақты түрде билік етуге кірісу;
 - 2.мұрагерлікті қабылдағаны жөнінде арыз беру арқылы;
- Осы аталған іс-қимылдар да мұрагерлік алынған күннен бастап 6 ай мерзімде жасалуы тиіс. Аталған уақытта өткізіп алу мұрагерліктен айырылуға апарып соқтырады. Бірақ, мұра алушының себептері дәлелді болса, онда сот бұл уақытты ұзарта алады.

Мұрагерліктен бас тарту. Алты ай мерзім ішінде мұрагер мұрадан бас тарта алады. Бұл жағдайда мұра дүние мүлік басқа адамдар арасында теңдей бөлінеді.Мұра қалдырушы өз меншігіндегі дүние-мүлкін мұрагерлеріне қалдырумен қалдырумен қатар, оның белгілі бір бөлігін басқа біреулерге қалдырғысы келуі мүмкін. Ол осыған орай өз мұрагерлеріне тиісті әрекеттер жасауға міндеттейді. Бұл өсиет тапсырмасы деп аталады. Бірақ ол жасы толмаған немесе еңбек қабілетсіз өз балаларын (оның ішінде асырап алған балаларын да), сондай-ақ өлген адамның еңбекке қабілетсіз ерін немесе зайыбын, ата-аналарының (бала асырап алушыларын да) және қарауында болған адамдардың ақшасыз, мүліксіз қалдырмауы тиіс.Осы жағдайды ескеріп, өсиеттің мазмұны қандай болса да, мұраға ие болу кезінде соң аталғандардың әрқайсысына тиісті үлестің (міндетті үлестің) кемінде үштен екісінді мөлшеріне ие болуды қарастырады. Міндетті үлестің мөлшерін белгілегенде үй жиназдары мен бұйымдардан тұратын мұралық мүліктің құны да есепке алынады. Сонымен, мұрадағы міндетті үлес – өсиеттің мазмұнының қалай екеніне қарамастан берілетін заң бойынша тиісті үлестің бір бөлігі.

Türmys

ТАЗА ОРТА – САУЛЫҒЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ



Қоршаған орта – ортақ үйіміз

Қазіргі таңда экологиялық ахуал – әлем жұртшылығын алаңдатқан басты мәселелердің бірі. Әсіресе қалалар мен оларға іргелес аудандардағы ауа сапасының төмендеуі тұрғындардың денсаулығына едәуір зиянын тигізуде. Осыған байланысты «Таза аудан – таза ауа» бастамасы ел ішінде кеңінен қолдау табуда.

Табиғат тазалығы – денсаулық негізі

Таза аудан – бұл тек қоқыстан арылған, көшелері жиналған мекен ғана емес. Ол – экологиялық тәртіп орнаған, жасыл желекке оранған, халқы табиғатқа жанашырлықпен қарайтын аймақ. Мұндай жерде ауа сапасы жоғары болып, тұрғындар өздерін жайлы сезінеді.

Медицина мамандарының айтуынша, ауаның ластануы түрлі аурулардың белең алуына себеп болады. Тыныс алу жүйесі бұзылып, аллергиялық аурулар көбейіп келеді. Бұл әсіресе балалар мен қарттарға ауыр тиеді. Сондықтан таза ауа – әрбір адамның құқығы мен қажеттілігі.

Не істеуіміз керек?

Мәселені шешудің бірнеше тиімді жолдары бар:

-Жасыл аймақтарды көбейту. Ағаш отырғызу – ең тиімді, әрі табиғи жолмен ауаны тазартып отыратын әдіс.

-Қоқысты сұрыптау және қайта өңдеу. Тұрмыстық қалдықтар табиғатқа кері әсер етпеуі тиіс.

-Көліктен шығатын зиянды газдарды азайту. Электр көліктеріне көшу, қоғамдық көлікті пайдалану – таза ауаны сақтауға көмектеседі.

-Экологиялық білім беру. Әр тұрғын табиғатты аялау мәдениетін бала күнінен меңгеруі қажет.

Таза болашақ – әркімнің қолында

Табиғат – аманат

Табиғат – ата-бабадан қалған мұра емес, келешек ұрпаққа берілетін аманат. Біз қоршаған ортаның тазалығына немқұрайлы қарасақ, болашақтың денсаулығына балта шабамыз. Ластанған ауа, уланған су, қоқысқа толы жер – бұл тек экологияның ғана емес, ұлт денсаулығының да күйреуі.

Соңғы жылдары елімізде қоршаған ортаны қорғауға қатысты түрлі бағдарламалар жүзеге асып келеді. Дегенмен, бұл іске тек мемлекет емес, әрбір азамат атсалысуы қажет. Тұрғындар өз аулаларын, көшелерін, аудандарын таза ұстауға үлес қосса, бұл үлкен өзгерістің бастамасы болмақ.

Денсаулық – таза ауадан басталады

Тыныс алатын ауаның сапасы адамның жалпы денсаулығына тікелей әсер етеді. Әсіресе, өндіріс орындары көп орналасқан және көлік қозғалысы тығыз аймақтарда ауа құрамындағы зиянды газдардың мөлшері жоғары. Мұндай ортада тұратын адамдарда тыныс алу жолдары аурулары жиі кездеседі.

Сондықтан таза орта – тек экологияның емес, медицина мен денсаулық сақтау саласының да басты назарындағы тақырып.

Экология мәселесіне тек мемлекет немесе мамандар ғана емес, әрбір азамат жауапты болуы тиіс. Өз аулаңызды, көшені, ауданды таза ұстау – үлкен өзгерістің бастамасы бола алады.

Ауа – адам өмірінің негізі. Ластанған ауа түрлі аурулардың, соның ішінде тыныс алу жолдарының, жүрек-қан тамырлары ауруларының негізгі себебі болып отыр. Әсіресе балалар мен қарттар бұл әсерге өте сезімтал. Сондықтан да таза ауа – кез келген елді мекеннің, ауданның дамуына қажетті басты шарттардың бірі.

Таза аудан – таза ауа. Бұл тек ұран емес, бұл – болашақ ұрпаққа қалдырар аманат. Табиғатқа жанашыр болайық, бүгіннен бастайық!

ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕК – ҚАСИЕТТІ ІС

Қоғам дамуының негізі – адал еңбек. Адам өмірінің мәні мен мағынасы да еңбекте жатыр. Әрбір істің өз құндылығы болса, соның ішінде қарапайым еңбек – адамзат өмірінің іргетасы іспеттес. Қарапайым еңбекпен айналысатын жандар – күн сайын бізге көрінбей, бірақ қоғам үшін аса маңызды қызмет атқарып жүрген нағыз еңбек ерлері.

Қазіргі таңда көпшілік «абы-ройлы мамандық» дегенде дәрігерді, мұғалімді, ғалымды елестетеді. Алайда аула сыпырушы, тазалықшы, құрылысшы, бағбан сынды мамандықтар да қоғамға ауадай қажет. Оларсыз күнделікті өмірімізді елестету мүмкін емес.

Мысалы, таңнан кешке дейін аула сыпырып, айналаны таза ұстауға атсалысатын жандар – өз еңбегі арқылы көпке пайдасын тигізіп жүр. Бұл – қарапайым, бірақ қасиетті еңбек.

Қарапайымеңбек–шыдамдылық пен табандылықты, төзімділік пен жауапкершілікті талап

етеді. Бұл жұмысты жүрекпен атқарған адам ғана нәтижесіне қуана алады. Ең бастысы, адал еңбек ешқашан елеусіз қалмайды. Маңдай термен келген табыс – берекелі, әрі құрметке лайық.

Қазақта: «Еңбек етсең – емерсің», «Еңбектің наны тәтті» деген нақыл сөздер тегін айтылмаған. Олар – қарапайым еңбекке деген халықтың құрметін білдіреді. Қай істі атқарсақ та, оны адал ниетпен, үлкен жауапкершілікпен орындасақ, ол – қасиетті іс.

Қоғамдағы әрбір мамандықтың өзіндік маңызы мен орны бар. Бірі білім береді, бірі емдейді, бірі құрылыс салады. Ал кейбір мамандықтар көзге көп түспегенімен, күнделікті тіршілігіміз үшін аса қажет. Сондай мамандықтың бірі – аула сыпырушы. Бұл жұмыс көпшіліктің назарынан тыс қалуы мүмкін, бірақ оның маңыздылығын жоққа шығаруға болмайды.

Аула сыпырушылар – таңның атысымен жұмысқа кірісіп,

көшелер мен аулаларды тазалап, қоршаған ортаны көрікті әрі таза ұстауға үлес қосатын жандар.

Қыстың аязында, жаздың аптабында, күздің жауынында да тыным таппай еңбек

етеді. Олар қаламыздың тазалығы мен тәртібін сақтап, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне жағдай жасайды.

Бұл мамандықты кез келген адам атқара алмайды. Себебі аула сыпырушы болу – үлкен жауапкершілікті, төзімділікті және еңбекқорлықты талап етеді. Бұл – адал әрі маңдай термен келетін еңбек. Әр таң сайын қала көшелерінің таза болуы осы кісілердің арқасы екенін ұмытпаған жөн.

Көп жағдайда адамдар бұл мамандықты төмен санап, дұрыс бағаламай жатады. Алайда еңбек етудің ешқандай ұятты түрі болмайды. Қайта, аула сыпырушы секілді мамандық иелері – жастарға еңбекқорлықтың қарапайымдылықтың және адалдықтың үлгісі бола алады.

Қоғам тек дәрігер, мұғалім, ғалымдардан ғана тұрмайды. Қоғам – әрбір еңбек адамының біртұтас жүйесі. Сол жүйеде аула сыпырушылардың атқаратын рөлі зор. Олар болмаса, таза, жайлы өмір де болмас еді.

Аула сыпырушы – еңбегі еленбесе де, елге қызмет етіп жүрген жан. Олар – адал еңбектің шынайы иелері. Ендеше, әр мамандыққа, әр адамға құрметпен қарап, олардың еңбегін бағалауды үйренейік.

Таза қала – таза еңбектің жемісі екенін естен шығармайық.

Дара Дана



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Бүгінгі таңда алаяқтықтың тәсілдері ұлғайып әр -түрлі схемалар пайда болуда, оның ішінде ең кең таралғаны «Ғаламтор алаяқтығы». Алаяқтықтың осы түрі банк қызметкерлерінің атынан хабарласып - «Сіздің атыңызға несие рәсімделіп жатыр, қаражатыңызды қауіпсіз шотқа салып қою үшін смс хабарламаға келген құпия сандарды айтуыңызды сұрайды»

немесе жақын туыстарының дауыстарымен қонырау шалып қаражат аударуды сұрап жатқан схемалар бар.

Енді соңғы уақытта тұрғын үйлерді аралап қайырымдылық көмек көрсетеміз, несиеге тауар береміз деген алаяқтар да кездесуде, осыған орай «Көкжазық ауылдық округінің әкімі аппараты» ММ-сі ескертеді, бөзде тұлғалар әкімдік атынан дәлелсіз құжаттарсыз сіздерге

қоңырау шалса немесе үйлеріңізге келсе жұмыс істейтін және қандай мақсатпен келгенін дәлелдейтін құжаттарын көрсетуді сұраныңдар бірден құзырлы органдарға, әкімдікке хабарласыңыздар.

Абай болыңыздар! Өздеріңіз туралы бөгде тұлғаларға ақпарат бермеңіздер!

«Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі

АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ



Биыл Қазақстан Республикасының Конституциясына – 30 жыл. Бұл – ел тарихындағы маңызды белес, мемлекетіміздің егемендігі мен бірлігінің айғағы, демократиялық дамудың берік негізі. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Ата Заң – еліміздің құқықтық, саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйесін қалыптастырған тарихи құжат.

Конституция – халық еркімен қабылданған заң

Конституция – кез келген

мемлекеттің басты заңы. Ол қоғамның негізгі қағидаларын, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Біздің Конституциямыз да осы міндетті абыроймен атқарып келеді. Оның басты ерекшелігі – «адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары – ең қымбат қазына» деп таңуы. Бұл – Қазақстанның демократиялық, құқықтық мемлекет екенін айғақтайтын тұжырым.

1995 жылғы Конституция – ел тарихындағы үшінші негізгі заң. Ол Қазақстанның жаңа тарихи кезеңге аяқ басқанын көрсетіп, Тәуелсіздік идеясының нақты негіздерін қалады. Ата заңда президенттік басқару формасы, биліктің үш тармағы – заң шығару, атқару және сот билігі – нақты бекітілді.

Конституция – бірлік пен тұрақтылықтың кепілі

Ата Заң еліміздің тұтастығын, ұлтаралық татулықты және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етіп отыр. Конституцияда әр азаматтың теңдігі, сөз бостандығы, дін

мен ар-ождан еркіндігі, білім алу құқығы және басқа да көптеген құқықтар бекітілген. Бұл – қоғамдағы әр адамға өз орнын тауып, өз қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін құндылықтар жиынтығы.

Соңғы жылдары Конституцияға енгізілген өзгерістер мен реформалар – уақыт талабынан туған қажеттілік. Олар еліміздегі әділдік, заң үстемдігі мен демократия қағидаларын нығайтуға бағытталған.

Бүгінгі Қазақстан – Ата Заңның арқасында биік белестерге жетіп, әлемдік қауымдастықта өз орнын тапқан тәуелсіз мемлекет. Конституция күні – бұл тек мереке ғана емес, бұл – елдіктің, бірліктің, тәуелсіздіктің символы. Сондықтан әр азамат Ата Заңды құрметтеуі, оның талаптарын орындауы – ұлт болашағына қосқан үлесі болмақ.

30 жылдық мерейлі межемен барша қазақстандықтарды құттықтай отырып, ел дамуының берік негізі – Конституция мәңгі жасай берсін дегіміз келеді!

А.Бекбосынов

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА “БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ” ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Ескелді ауданында әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандарға нақты көмек көрсетіліп, қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. «AMANAT» партиясының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Бақытты отбасы» жобасы аясында аудандық филиалдың қоғамдық қабылдау бөлмесінде көпбалалы және жалғызбасты аналарға азық-түлік себеттері табыс етілді.

Игілікті іс желілік кестеге сай өткізілді. Көмек ретінде күнделікті тұрмысқа қажетті тауарлар салынған себеттер үлестіріліп, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға нақты қолдау көрсетілді.

Бұл – партияның ел ішіндегі мұқтаж жандармен кері байланыс орнатып, оларға жанашырлықпен қарайтынын

білдіретін жарқын қадам.

«AMANAT» партиясы әрдайым ел игілігін басты назарда ұстап, әлеуметтік әділдікті насихаттап келеді. Әсіресе, әлеуметтік әлсіз топтарға қамқор болу – партия жұмысының басты бағыттарының бірі. Осындай қайырымдылық шаралары алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

Бірлігі бекем елдің тірегі – қамқорлық пен қолдау. «Бақытты отбасы» жобасы соның нақты көрінісі болып отыр.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген елдің саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуына кері әсерін тигізетін қауіпті індет. Бұл құбылыс азаматтардың мемлекетке деген сенімін әлсіретіп, қоғамдағы әділеттілік пен теңдік принциптерін бұзады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттің емес, бүкіл қоғамның басты міндеті.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?

Сыбайлас жемқорлық – лауазымды тұлғалардың өз қызметін жеке басының пайдасы үшін теріс пайдаланып, заңсыз әрекеттерге баруы. Ол пара беру, пара алу, қызметтік өкілеттігін асыра пайдалану, таныстықпен жұмысқа орналастыру, мемлекеттік қаражатты талан-таражға салу, келісімшарттарды әділетсіз жолмен тағайындау сияқты көптеген формада көрініс табады.

Сыбайлас жемқорлықтың салдары – халықтың мемлекеттік құрылымдарға деген сенімінің жойылуы, инвестициялық ахуалдың нашарлауы, әлеуметтік теңсіздік пен қоғамдағы наразылықтың артуы. Бұл кез келген елдің өркендеуіне үлкен кедергі келтіреді.

Қазақстандағы күрес шаралары

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы нақты қадамдар жасап келеді. 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа заң қабылданды. Сонымен қатар, 2022 жылдан бастап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Жаңа Қазақстан құру аясында заң үстемдігін, ашықтықты және әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында бірқатар жүйелі реформалар іске асып келеді.

Мемлекеттік қызмет жүйесі кезең-кезеңімен цифрландырылып, мемлекеттік органдардың есептілігі мен ашықтығы артуда. «Еgov» электронды үкімет порталы арқылы азаматтар мен мекемелер көптеген қызметтерді онлайн алып, адам факторынан туындайтын сыбайластық тәуекелдер азайып келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, прокуратура, құқық қорғау органдары бұл бағытта белсенді жұмыс жүргізіп, талай заңбұзушылықтарды әшкерелеп, жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тартты.

Азаматтық қоғамның рөлі

Сыбайлас жемқорлықпен күресте азаматтық қоғамның алатын орны ерекше. БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар, блогерлер мен белсенділер – қоғамның көзін ашып, әділетсіздікті жария етуші күш.

Мектептер мен жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бағытында арнайы жобалар, ашық сабақтар мен пікірсайыстар өткізіліп келеді. «Адал Ұрпақ», «Саналы ұрпақ» клубтарының жұмысы – жастардың бойында әділдік, парасаттылық, жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Санадан басталатын өзгеріс

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек заңмен жазалап қою емес. Бұл – алдымен санамен күрес. Адамның ішкі мәдениеті, ар-ұяты, адалдығы – осы індетке тосқауыл қоя алатын басты құрал. Егер әрбір азамат өз ісіне жауапты, адал болса, пара ұсынбаса, талап етпесе – жемқорлық тамыр жая алмайды.

Әркім өз отбасынан, өз ортасынан, өз жұмыс орнынан бастап әділдікті талап етіп, заңды құрметтеуге дағыланса – бұл науқан емес, тұрақты өмір салтына айналмақ.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуын тежейтін теріс құбылыс. Онымен күресу – тек мемлекеттің емес, барша халықтың міндеті. Заңға бағынып, әділет пен адалдықты ту еткен ел ғана кемел болашаққа сенімді қадам баса алады.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Бұл – әрбір азаматтың ұранына айналуы тиіс.

Дара Дана

ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ



қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев, аудан әкімі Елдос Ахметов, ардагерлер мен қоғам белсенділері қатысты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл орталық – қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға сенімді сүйеніш болуға арналған. Мұнда отбасылық жанжалдарды шешуге бағытталған шаралар атқарылады және тұрғындар кәсіби әрі білікті көмекке сенім арта алады. Орта тек Алдабергенев ауылының тұрғындарына ғана емес, бүкіл ауданға қарасты ауылдардың халқына тегін заңгерлік, кейс-менеджмент, психологиялық және әлеуметтік қызметтер ұсынатын орынға айналады.

Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған азаматтарға бір айға дейін уақытша тұруға арналған арнайы қолдау қарастырылған. Осы аралықта олар құжаттарын рәсімдеуге, ақпарат алуға, заңгерлік кеңес алуға, психологиялық қолдау көрсетуге, жұмысқа орналасуға, кәсіби даярлық пен қайта даярлауға, сондай-ақ біліктілігін арттыруға мүмкіндік алады. Бұл – әлеуметтік тұрғыдан қиын жағдайда қалған адамдарға жан-жақты көмек көрсетуге бағытталған маңызды шара.

Орталықтың басты мақсаты – отбасының берік әрі бақытты болуын қамтамасыз ету, неке мен отбасы құндылықтарын нығайту, отбасылық дауларды бейбіт жолмен шешу және мемлекеттік отбасы саясатын тиімді жүзеге асыру болып табылады.

АУДАНДЫҚ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ЕКІНШІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Ескелді аудан әкімдігінде Құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның екінші отырысы өтті. Жиынның негізгі мақсаты – аудан көлеміндегі құқықтық ахуалды, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын жүйелеу және өзекті мәселелерге нақты шешім қабылдау болды.

Комиссия отырысына аудан әкімі, аудан әкімінің орынбасары, құқық қорғау органдарының өкілдері, аудандық бөлім басшылары және ауылдық округ әкімдері қатысты. Мұндай кеңейтілген құрам – құқықтық тәртіпті сақтау мәселесінің маңыздылығын және оны кешенді түрде шешу қажеттігін айқындай түседі.

Күн тәртібіндегі маңызды мәселелер

Жиын барысында бірқатар өзекті мәселелер қаралды. Атап айтқанда:

-Қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету,

-Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу,

-Пробация қызметі есебінде тұрған азаматтармен жұмыс жүргізу,

-Халық арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және оның сапасын арттыру.

Аталған мәселелер бойынша тиісті мекеме өкілдері баяндама жасап, жүргізілген іс-шаралар мен алдағы міндеттерге тоқталды. Жиында аудан көлемінде атқарылған жұмыстар сараланып, кейбір бағыттарда кездесіп отырған кедергілер ашық айтылды.

Тиімді шешімдер – басты нәтижеге жол

Талқылау барысында комиссия мүшелері тиімді тәжірибелермен бөлісіп, алдағы уақытта қолдануға болатын нақты ұсыныстар айтты. Мәселен, кәмелетке толмағандармен жұмыс жүргізуде мектептер мен ата-аналар қауымдастығының бірлескен іс-қимылын арттыру, пробация қызметі есебінде тұрған тұлғаларды жұмыспен қамту шараларын күшейту секілді нақты ұсыныстар ортаға салынды.

Комиссия отырысы соңында тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеліп, олардың орындалуын жүйелі түрде бақылау тапсырылды. Әрбір сала бойынша жауапты тұлғалар белгіленіп, межеленген міндеттердің орындалу мерзімдері нақтыланды.

Жауапкершілік – ортақ міндет

Бұл отырыс ауданымызда құқықтық тәртіпті күшейтіп, тұрғындар арасында қауіпсіз өмір сүру мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Қоғамда тәртіп пен тыныштық орнауы үшін құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың да белсенділігі мен жауапкершілігі қажет.

Мемлекет пен қоғам мүддесі – ортақ. Сондықтан құқықтық мәдениетті көтеру, заңды құрметтеу және оның сақталуына үлес қосу – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Дара Дана

ТАҢҒЫ СЕРГЕКТІК- БІРЛІК БАСТАУЫ



Есірткіге қарсы күресті күшейту және нашақорлықтың алдын алумен қатар салауатты өмір салтын ұстану ұранымен

гек әрі белсенді бастады. Шара білім бөлімінің мәжіліс залында ұйымдастырылды.

Жаттығуға бөлім қызметкерлері толықтай қатысып, дене шынықтыру және спорт нұсқаушысының, нұсқаулығымен бірқатар дене қимылдарын орындады. Жеңіл сергіту жаттығулары, тыныс алу тәсілдері мен ширақ қозғалыстар қатысушылардың көңіл-күйін көтеріп, ұжым ішіндегі ынтымақтастықты нығайтты.

Мұндай ұжымдық бастамалар — денсаулықты жақсартумен қатар, бірлік пен тәртіпті нығайтуға, жұмыс күнін жақсы көңіл-күймен бастауға жол ашады.

Салауатты ұжым — табысты еңбек кепілі!

Г.ОМАРОВА, Ескелді ауданының спортты дамыту және бұқаралық- спорттық іс шараларды өткізу бөлімінің басшысы

АРҚАН ТАРТУ- БІРЛІК ПЕН КҮШТІҢ БЕЛГІСІ

Арқан тарту — қазақ халқының ертеден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойын тек күш сынасу ғана емес, ұжымдық рухты, шыдамдылықты, бір-біріне сенуді талап ететін ерекше спорт түрі

Ү.ж. 24 шілдесінде Алдаберген ауылдық округінің тұрғындары арасында арқан тарту жарысы өткізілді.

Жарыс нәтижесінде: 1 орын Алдаберген командасы 2 орын Намыс командасы 3 орын Жетісу командасы иеленді.


Жеңіске жеткен командалар Ескелді ауданының спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу бөлімінің атынан арнайы грамоталарымен марапатталды.



Г.Омарова, Ескелді ауданының спортты дамыту және

бұқаралық- спорттық іс шараларды өткізу бөлімінің басшысы

САЛАУАТТЫ ӨМІР- БЕЛСЕНДІ ҚИМЫЛДАН БАСТАЛАДЫ



Денсаулық пен белсенді өмір сүру үшін күнделікті қозғалыстың маңызы зор. Таңғы және кешкі жаттығулар- ағзаны сергітіп, өмір сапасын арттыратын тиімді құрал. Бірақ бұл екі уақыттың да өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар.

1.Таңғы жаттығу: күнді сергектікпен бастау 2.Кешкі жаттығу: күннің шаршауын шығару

Г.Омарова, Ескелді ауданының спортты дамыту және бұқаралық- спорттық іс шараларды өткізу бөлімінің басшысы

АЛДАБЕРГЕН АУЫЛЫНДА ҚАЗАҚША КҮРЕС ЖАРЫСЫ ӨТТІ

2025 жылдың 29 шілде күні Ескелді ауданына қарасты Алдаберген ауылында ұлттық спортты ұлықтауға бағытталған ерекше спорттық шара өтті. Ауыл тұрғындары арасында ұйымдастырылған қазақша күрес жарысы көпшіліктің қызығушылығын оятып, саламатты өмір салтын насихаттауға серпін берді.

Жарыстың басты мақсаты – ұлттық спорт түрлерін кеңінен насихаттау, ауыл жастарының спортқа деген қызығушылығын арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сонымен қатар, бұл жарыс ауыл тұрғындары арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтып, жас ұрпаққа патриоттық рух сыйлайтын игі бастама болды.

Көпшілік жиналған жарыс алаңында нағыз спорттық рух пен тартыс сезілді. Қатысушылардың әрқайсысы жеңіске жету үшін бар күш-жігерін салды. Қазақша күрес – ертеден келе жатқан батырлар өнері, бұл жарыс сол рухты жаңғыртып, көпшілікті тәнті етті.

Жарыс қорытындысы бойынша үздіктер анықталды:

1-орын – Ахметқалиев Ұлан 2-орын – Жайлаубай Алишер 3-орын – Асылбек Серік

Жүлдегерлерге Ескелді ауданының спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу бөлімі атынан арнайы медальдар мен грамоталар табыс етілді. Ұйымдастырушылар қатысушылардың белсенділігін атап өтіп, спортшыларға алдағы уақытта да табыстар тілеп, марапаттарын салтанатты түрде табыстады.

Ұлттық спорт – ұлт рухының көрінісі

Қазақ күресі – халқымыздың болмысын, жігерін, намысын паш ететін спорт түрі. Осындай жарыстар арқылы ұлттық мұрамызды дәріптеп, жас ұрпақты рухани әрі дене тәрбиесіне баулу – маңызды міндет. Алдаберген ауылындағы бұл жарыс – соның айқын дәлелі.

Болашақта осындай спорттық іс-шаралар дәстүрлі түрде жалғасын тауып, ауыл спортшылары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатыны сөзсіз.



СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



Қоғамның басты байлығы – адам, ал адамның ең басты байлығы – денсаулық. Ал сол денсаулықтың мызғымас тірегі – спорт. «Дені саудың – жаны сау» дейді дана халқымыз. Бұл сөздің астарында терең мағына жатыр. Себебі салауатты өмір салтын ұстану, күнделікті қозғалыс пен дене белсенділігін сақтау – ұзақ әрі сапалы өмір сүрудің басты кілті.

Спорт – өмір салты

Қазіргі таңда қоғамның дамуы дені сау ұрпаққа тікелей байланысты. Технологияның қарқынды дамуы, отырықшы өмір салты мен фастфуд мәдениеті денсаулыққа кері әсер етуде. Мұндай жағдайда спортпен шұғылдану – өмірлік қажеттілікке айналды. Таңертеңгілік жаттығу жасау, жүгіру, дене шынықтырумен айналысу адамның имунитетін нығайтып қана қоймай, көңіл-күйін көтеріп, миды сергітеді.Спорт адамды тәртіпке, сабырлыққа, табандылыққа, мақсатқа жетуге үйретеді. Жеңіске деген жігер, қиындыққа қарсы тұру, командалық рух, бірлік пен ынтымақ – мұның бәрі спорт арқылы қалыптасатын қасиеттер.

Мемлекет қолдауы – жастар серпіні

Бүгінде Қазақстанда бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Мемлекеттік деңгейде түрлі бағдарламалар қабылданып, жаңа спорт кешендері, фитнес залдар, стрит воркаут алаңдары салынып жатыр. Әсіресе ауылдық жерлерде спортпен айналысуға қолайлы жағдай жасалуы – ел болашағына салынған инвестиция деуге болады.

Жетісу өңірінде, соның ішінде Ескелді ауданында да спорт саласына ерекше мән берілуде. Жасөспірімдерге арналған спорт мектептері, жаттығу залдары мен стадиондар, спорттық үйірмелер мен секциялар жүйелі жұмыс істеуде. Бұл – жастардың бос уақытын тиімді өткізіп, денсаулығын нығайтуына үлкен мүмкіндік.

Спорт – тәрбие құралы

Спорт – дене тәрбиесімен қатар, рухани тәрбие құралы. Ол жастарды жаман әдеттерден алшақ ұстап, салауатты өмір салтын ұстануға жетелейді. Спортпен айналысатын жастардың есірткі, темекі, алкоголь сияқты зиянды әрекеттерден аулақ болатыны дәлелденген. Бұл – тек жеке адамның емес, бүкіл ұлттың болашағына жасалған қамқорлық.Қоғамның басты байлығы – білімді де тәрбиелі ұрпақ. Ал тәрбиенің ең мықты, ең әсерлі құралдарының бірі – спорт. Спорт адам денесін ғана емес, мінезін де шыңдайды. Ол тек күш-қайраттың емес, рухтың, тәртіптің, табандылық пен төзімділіктің мектебі. Сондықтан да спорт – ұлт болашағын тәрбиелеудің тиімді тегісі.

Спорт мінез қалыптастырады

Көп жағдайда адам бойындағы қайсарлық, ерік-жігер, табандылық, сабырлық сынды қасиеттер спорт арқылы қалыптасады. Жеңіске жету үшін күн сайын еңбек ету, жаттығу, өз-өзімен күресу – бұл кез келген салада табысқа жетудің алғышарты.

Спорт адамды тек физикалық тұрғыдан ғана емес, психологиялық жағынан да шынықтырады. Ол жаман әдеттерден, жалқаулықтан, әлсіздіктен алыстатып, салауатты өмір салтына тәрбиелейді. Міне, сондықтан да спорт – тәрбие мен дамудың әмбебап құралы.

Спорт – жастарды тәрбиелеудің тиімді жолы.Бүгінде мектептер мен колледждерде спорттық үйірмелер мен секциялар жүйелі жұмыс істеуде. Бұл – жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуді, зиянды әрекеттерден бойын аулақ ұстауына жол ашады. Спортпен айналысатын жасөспірімдер арасында тәртіп бұзушылық пен құқықбұзушылық деректері айтарлықтай аз.

Жас жеткіншек бала спортпен айналыса отырып, өз өміріне жауапкершілікпен қарауға үйренеді. Жеңілістен сабақ алып, алға ұмтылуды, ал жеңісте мақтанбай, еңбекке деген құрметті сезінеді. Бұл – тәрбиенің нағыз биігі.

Ұлт рухын көтеретін күш

Спорт – ел бірлігі мен рухын көтеретін құрал. Олимпиада мен әлемдік додаларда көк Туымызды көкке көтеріп, Әнұранымызды шырақатқан спорт саңлақтары – жастар үшін үлкен үлгі. Олардың қажырлы еңбегі, төзімі, елге деген сүйіспеншілігі жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелейді.Спорттық жеңістер – бұл жай ғана медаль емес, олар – мемлекеттің күш-қуатын, тәртіп пен ұйымшылдықты көрсететін символ. Демек, спорт – тек жеке адамның емес, тұтас ұлттың тәрбие мектебі.

Тәрбие отбасы мен ортадан басталады

Әр ата-ана өз баласын ерте бастан салауатты өмір салтына, қозғалысқа, спортқа баулыса – бұл тәрбие негізі мықты деген сөз. Сонымен қатар, мектеп пен қоғам да бұл үдеріске белсенді араласуы керек. Жастар арасында бұқаралық спортты насихаттау – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші, егер ата-ана, ұстаз, қоғам өкілдері өздері үлгі бола білсе, жастардың бойында тәртіп пен мақсаткерлік, еңбекке деген сүйіспеншілік тереңдей түседі.Сонымен қатар, спорт – елдің намысын қорғайтын, ұлттық рухты көтеретін үлкен күш. Әлемдік ареналарда көк байрағымызды көкте желбіретіп, Әнұранымызды асқақтата шырақатқан спортшыларымыз – өскелең ұрпақ үшін үлгі. Олардың жеңісі – тек спорттық жетістік емес, ұлттың намысы мен рухын көтеретін тарихи оқиға.

Қорыта айтқанда, спорт – тек дене қозғалысы ғана емес, ол – өмір салты, сана-сезім, ұлттық намыс, денсаулықтың кепілі және болашаққа салынған мызғымас негіз. Әрбір адам денсаулығына жауапты екенін түсініп, спортпен шұғылдануды күнделікті дағдыға айналдыруы тиіс. Себебі дені сау ұлт – мықты мемлекеттің негізі.

Ендеше, өзімізден бастап, отбасымызды, ортамызды, балаларымызды спортқа баулиық! Себебі спорт – денсаулық кепілі, ал денсаулық – өмірдің бақыты.

Дара Дана

ЕГІН ЖИНАУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қазақстан аумағында жыл сайын астық алқаптарында, астық қоймаларында, жем-шөп қоймаларында көптеген өрт болады, жүздеген гектар ауыл шаруашылығы дақылдары, жүздеген тонна жемшөп пен астық, ондаған бірлік астық жинау техникасы жойылады.

Көп жағдайда өрттердің себебі астық жинау және ірі жем-шөп дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтамау болып табылады.Біздің алтын өрістерді сақтау үшін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары мен азаматтар Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын сақтауы және орындауы қажет.

Жаз айлары – диқандар үшін маңдай тердің нәтижесі көрінетін, өнім жиналып, қамба толатын берекелі шақ. Алайда осы бір жауапты кезеңде өрт қауіпін күрт артып, егін алқаптарында орын алатын өрт оқиғалары ел экономикасына ғана емес, халықтың тұрмысына да үлкен зардабын тигізіп отыр.

Соңғы жылдары еліміздің бірқатар өңірінде, соның ішінде Жетісу облысы мен Ескелді ауданында да астық алқаптарында, шөп жинау орындарында, егінжай маңдарында өрт шығу деректері жиілей түсті. Бұл жағдайдың басты себептері – немқұрайлық, қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы және табиғи факторлармен күресудің әлсіздігі.

Астық жинау және ірі жем-шөп дайындау кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері келесі іс-шараларды қамтиды. Егін жинау басталғанға дейін оған тартылған барлық адамдар өртке қарсы нұсқамадан өтуі тиіс, ал жинау агрегаттары, автомобильдер алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (барлық типтегі комбайндар мен тракторлар - екі өрт сөндіргішпен, екі найзалы күрекпен және екі сыпыргышпен) жарақтандырылуы, жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы және қоректендірудің, от алдырудың және майлаудың реттелген жүйелері болуы тиіс; астық пісер алдында олардың орман және шымтезек алқаптарына, дала жолағына, автомобиль және темір жолдарға жанасатын жерлері Дәнді дақылдарды жинау астық алқаптарын ауданы 50 гектардан аспайтын учаскелерге бөлуден басталуы тиіс. Учаскелер арасында ені 8 метрден кем емес шалғы жасау қажет.

Шабылған нанды шалғылардан дереу жинау керек. Шалғылардың ортасында ені кемінде 4 метр жырту жасалады. Уақытша дала орнақтарын астық алқаптарынан, токтардан және т.б. 100 метрден жақын емес орналастыру қажет. Ауданы 25 гектардан астам жиналатын астық алқаптарына жақын жерде өрт болған жағдайда трактор мен соқалар дайын болуы қажет. Сабандар мен қалдықтарды жағуға, егістіктерде от жағуға тыйым салынады; астық ағынын ғимараттар мен құрылыстардан 50 метрден, ал астық алқаптарынан 100 метрден жақын орналастыру қажет.

Бір ұшқын – мыңдаған тонна өнімге қауіп

Егін алқаптарындағы өрт көбіне мынадай жағдайлардан туындайды:

Астық жинау науқанында ауыл шаруашылық техникаларының от алдыруынан;

Темекі шегу немесе от жаққан кезде қауіпсіздік шараларын елемей;

Қоқысты егіс алқаптары маңында жағу;

Желді күндері қараусыз қалған техникалардан шыққан ұшқын;

Найзағай түсу немесе электр сымдарының үзілуі сияқты табиғи себептер.

Мұндай оқиғалар кезінде бірнеше гектар егіс алқабы жанып кетіп, бірнеше ай бойы сіңірген еңбек, шығын, техника, жанар-жағармай – бәрі зая кетеді. Сонымен қатар, өрт кезінде топырақтың құнарлылығы бұзылып, жердің өнім беру қабілеті де төмендейді.

Тыйым салынады:

- Тракторлардың, өздігінен жүретін шассилер мен капотсыз немесе ашық капоттары бар автомобильдердің жұмысы;
- Қозғалтқыштардың радиаторларында шаңды жағу үшін дәнекерлеу шамдарын қолдану;
- Далалық жағдайда түнгі уақытта автомашиналарға жанармай құю;
- Қозғалтқыштардың радиаторлары, битеерлердің, сабан алмастырғыштардың, транспорттерлер мен іріктеушілердің біліктері, жинау машиналарының шнектері мен басқа да тораптары мен бөлшектері шаңнан, сабаннан және астықтан уақтылы тазартылуы тиіс;
- Ірі жем-шөп қорын ферма ғимараттарынан тұйық жабайтын қабырғалармен (қалқалармен) және отқа төзімділік шегі кемінде 0,75 сағат жабындармен бөлінген жапсар жайларда (құрылыстарда) ғана сақтауға рұқсат етіледі.;
- Маялар (маялар), бастырмалар, ірі жем - шөп қатарлары электр беру желілерінен кемінде 15 метр, жолдардан кемінде 20 метр, ғимараттар мен құрылыстардан 50 метр қашықтықта орналасуы тиіс;
- Маяларды (маяларды), сондай-ақ маялардың немесе қатарлардың жұптарын орналастыруға арналған алаңдарды периметрі бойынша ені кемінде 4 метр жолақпен жырту қажет. Жолақтың шетінен алаңда орналасқан маяға (маяға) дейінгі қашықтық кемінде 15 метр, ал жеке тұрған маядан (маядан) кемінде 5 метр болуы тиіс;
- Бір маяның (маяның) негізінің ауданы 150 шаршы метрден, ал престелген пішен (сабан) қатарының ауданы 500 шаршы метрден аспауы тиіс;
- Жеке қатарлар, бастырмалар мен маялар (маялар) арасындағы өртке қарсы бөліктер кемінде 20 метр болуы тиіс. Қатарларды, бастырмаларды және маяларды (маяларды) жұппен орналастыру кезінде қатарлар мен бастырмалар арасындағы қашықтық кемінде 6 метр, ал олардың жұптары арасында кемінде 30 метр болуы тиіс;
- Орамдар арасындағы өртке қарсы жыралар (орамда 20 шөмішті немесе қатарды орналастыруға рұқсат етіледі) 100 метрден кем болмауы тиіс;
- Ылғалдылығы жоғары маяларда (маяларда) немесе шөп штабелдерінде температураны бақылауды ұйымдастыру қажет;
- Ірі жемішөпті маялауда жұмыс істейтін тракторлар мен автомобильдер ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы тиіс;
- Трактор-тартқыштар түсіру жұмыстары кезінде маяларға 5 метрден кем қашықтыққа жақындамауы тиіс. Астық жинау және жем-шөп дайындау кезеңінде Жетісу облысы ТЖД жоғарыда көрсетілген іс-шаралардың орындалуы мен сақталуына тексеру жүргізеді. Өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің талаптарын орындалмаған жағдайда ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары, жауапты тұлғалар мен азаматтар әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады.

ОМЫРАУМЕН ЕМІЗУДІҢ ПАЙДАСЫ: АНА МЕН БАЛА ҮШІН ТАБИҒИ ҚОРҒАНЫС ПЕН ҚОЛДАУ



Омыраумен емізу – жаңа туған нәрестенің денсаулығын сақтаудың ең табиғи әрі тиімді жолы. Ана сүті – құрамында балаға қажетті барлық қоректік заттары бар тірі сұйықтық. Ол нәрестенің физикалық, эмоциялық және иммундық дамуына оң әсер етеді. Сонымен қатар, бұл процесс ананың денсаулығына да пайдалы.

Нәресте үшін омырау сүтінің маңызы

Омырау сүті – табиғаттың кереметі. Ол баланың өсуі мен дамуы үшін қажетті ақуыздар, майлар, көмірсулар, дәрумендер мен микроэлементтердің тамаша тепе-теңдігін ұсынады. Сонымен қатар, емшек сүті нәрестені түрлі аурулардан қорғайтын иммундық компоненттерге бай.

Негізгі артықшылықтары:

- Нәрестенің ағзасын толық қоректік заттармен қамтамасыз етеді.
- Мидың дамуына және когнитивті (ақыл-ой) қабілеттердің артуына ықпал етеді.
- Жұқпалы аурулардан қорғайды.
- Ішек микрофлорасын қалыптастырады.
- Семіздікке, қант диабетіне және асқазан-ішек жолы ауруларына шалдығу қаупін төмендетеді.
- Аллергиялардың даму мүмкіндігін азайтады.

Аналар үшін емізудің пайдасы

Көптеген аналар үшін емізу – тек бала үшін емес, өз

денсаулығы үшін де маңызды шешім.

Емізудің ана ағзасына тигізер пайдасы:

- Аналық без және сүт безі қатерлі ісігінің даму қаупін азайтады.
- Босанғаннан кейін бөлінетін окситоцин гормоны жатырдың қалыпты қалпына келуіне көмектеседі.
- Босанудан кейінгі күйзелістің (депрессия) алдын алады.
- Артық салмақтан арылуға көмектеседі.
- Қаржылай тиімді – сүт қоспаларына, бөтелкелер мен емізкітерге шығындалудың қажеті жоқ.

Сүттің құрамы мен өзгерісі

Жаңа туған сәбиге алғашқы күндері бөлінетін уыз (молозиво) – өте нәрлі әрі иммундық қорғанысқа бай. Оның құрамында судың мөлшері аз болғандықтан, әлсіз бүйректерге жүктеме түсірмейді. Сонымен қатар, уыз іш жүргізу қасиетіне ие – ол баланың алғашқы нәжісі меконийден тазаруына ықпал етеді.

Кейін уыз өтпелі сүтке, ал 2–3 аптадан соң пісіп жетілген сүтке айналады. Бұл – баланың алдағы бірнеше айдағы негізгі тағамы.

Қорытынды

Омыраумен емізу – ана мен бала арасындағы тығыз байланыстың бастауы ғана емес, сонымен бірге болашақ денсаулықтың кепілі. Ғылыми зерттеулер мен тәжірибе көрсеткендей, омыраумен қоректенген балалар сирек ауырады, ал аналар босанудан кейін өз ағзаларын тезірек қалпына келтіре алады. Табиғи нәрлілік пен аналық қамқорлық – баланың өмір бойы сезінетін ең алғашқы және ең маңызды махаббаттың көрінісі.

Амангелдиева Жансая Амангелдіқызы,
ШЖҚ «Ескелді аудандық орталық ауруханасы» МКК Неонатолог- дәрігер

ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ

Возбудитель гепатита А – вирус, который поражает печень, играющую важную роль в деятельности всего организма. Гепатит «А», как и кишечные инфекции, называют болезнью немытых рук или желтухой. Гепатитом «А» болеют люди всех возрастов, но чаще – дети, подростки.

Источником инфекции является больной человек. Вирус гепатита выделяется из организма через кишечник и обнаруживается в фекалиях. В организме здорового человека вирус проникает через грязные руки во время еды, а также с загрязненной вирусом пищей и водой. У больного ухудшается аппетит, появляются боли в правом подреберье, тошнота, нередко – рвота, изменяется характер стула, кал обесцвечивается, темнеет моча, белки глаз приобретают желтую окраску. В ряде случаев начало болезни напоминает грипп: повышается температура, появляется насморк, кашель, ломота во всем теле. В этот период больной очень опасен для окружающих, так как вирус особенно интенсивно выделяется из организма. Заболевание может протекать и без проявления желтухи, в стертой, скрытой форме.Родители, будьте внимательны к состоянию здоровья детей! При появлении первых признаков болезни необходимо обратиться к врачу. Присутствие в группе детского дошкольного учреждения или классе школы больного ребенка создает опасность заражения всего детского коллектива. Самолечение, учитывая опасность заболевания, недопустимо!

Важно:

- мыть руки с мылом как можно чаще, особенно перед едой, приготовлением пищи, после посещения туалета, придя с улицы домой;
- фрукты и овощи тщательно мыть проточной водой;
- пользоваться индивидуальной посудой;
- не заглатывать воду при купании в открытых водоемах;
- не пить воду из открытых водоемов без предварительного кипячения;
- не разрешать детям брать руки в рот, с детства приучать их к соблюдению правил личной гигиены;



Калиякберова Гульмира Серикбаевна,
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ специалист кабинета ЗОЖ

ГУ «АППАРАТ АКИМА КОКЖАЗЫКСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА» ПРЕДОСТАВЛЯЕТ СЛЕДУЮЩИЕ ВИДЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ:

- «Постановка на очередь на получение земельного участка»,
- «Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка»,
- «Предоставление земельного участка из земель поселка, села»
- «Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов)»
- «Продажа земельного участка в частную собственность одновременно либо в рассрочку

Чтобы воспользоваться электронными услугами необходимо, прежде всего, иметь электронно-цифровую подпись (далее -ЭЦП) получить ее можно в центре обслуживания населения (ЦОН) либо в уголке самообслуживания на портале egov.kz либо на сайте rki.gov.kz сохранить его на носителе как флеш карта, удостоверение личности либо сохранить в цифровом облаке.

Так же в здании акимата действует уголок самообслуживания где в любое время вы можете получить все виды вам необходимых услуг, мы обязательно Вас проконсультируем и окажем помощь в получении необходимых услуг.

Каждый из Вас имеет право обратиться с жалобой в Агентство по делам государственной службы в Call-центр 1424 либо телеграмм бот Saraly Qyzmet для защиты своих прав, свобод и законных интересов при получении государственных услуг, а также для внесения предложений по улучшению качества их предоставления.

Қ. ӘШИМОВ,
Ескелді ауданының ТЖБ инженері
азаматтық қорғау аға лейтенанты

Алпысбаева А.К.(87283635182),
Главный специалист ГУ «Аппарат акима Кокжарыкского сельского округа»

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жайкүйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтық әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере оты-

рып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (<https://kgd.gov.kz/ru/app/cultaxarrear-search-web>);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінен ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінен ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы» үшінші тұлғамен алу сервисі және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты

қосымшадағы Комитеттің <http://qatqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай а в т о м а т т а н д ы р ы л ғ а н . Мемлекеттік қызмет көрсетуіне құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданылған.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Балабеков Али Канатбекұлы , ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі. Сыбайлас жемқорлықта «Мүлдем тәзбеушілік» қағидасының бір бөлшегі. Оны осы бастан тоқтатпаса тұрақты індетке айналып, мемлекеттің есіп-өркендеуіне кедергі болмақ. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі болып қалыптасқан «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде бүгінгі таңда мемлекет тарапынан «e-Otinish», ашық үкімет порталдары құрылған. Осы портал арқылы барлық мемлекеттік органдарға өз үәждері мен ұсынымдарын жолданым ретінде жіберуге болады. Сонымен қатар барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бүгінгі таңда 80 пайы. электронды форматта көрсетіледі, бұл формат қызметалушыларға өте қолайлы, себебі кез келген жерден өтініш жолдай алады және де мемлекеттік органға келуді талап етпейді сол себепті жемқорлық түеуекелін де алып тастайды. Бүгінгі таңда біздің аппаратымызда «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» деген тақырыпта тоқсан сайын қызықты викторина ойындар жүргізіледі, сонымен қатар аппарат қызметкерлерімен тоқсан сайын сыбайлас тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілуде. Бұл жұмыстар қызметкерлер арасында барлық күш жігерді біріктіріп, мемлекет қызметшінің имиджінін барлық қырынан мінсіз болуды, сонымен бірге қызметкер бойында әдеп пен адалдық қасиеттерінің қалыптасуына және ұстануына себеп болуда. Мемлекеттік органымызда округ тұрғындарына ашықтық принципін ұстану ретінде барлық ақпарат стендерде орналасқан. Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы да орналастырылған. Келер болашақ өз қолымызда дұрыс таңдау жасап адал жұмыс жасайық.

М.ЖУМАБАЕВ ,
Көкжазық ауылдық округінің әкімі

ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКИ!

С начала года области Жетісу зарегистрировано 51 (61) фактов интернет мошенничеств, в целом в сравнении с прошлым годом отмечается снижение интернет-мошенничество на 16,4 %.

51 фактов интернет мошенничеств в разбивке по регионам: г.Талдықорған - 26, г.Текели - 3, Аксу – 2, Алаколь – 2, Ескельдинский - 3, Кербулакский – 2, Каратальский - 3, Коксуский – 1, Панфиловский – 6, Сарканский - 3.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдықорған расследуется досудебное расследование по заявлению гр. А. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладения ими.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов : «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети : «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук» , «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателя.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД на чал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и преридержаться основных мер предосторожности.

Основные рекомендации МВД:

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительным органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов.

Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.

2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющимися сотрудниками банка, полиции и т.д.

3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.

4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.

5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.

6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.

7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками

8.Чаще проверять движение денег на своих счетах.

Е.С. Бектурсынов,
Старший прокурор формирования правовой информации в уголовной сфере Департамента Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по области Жетісу

ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

«Ескелді ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) тұрғындарға және заңды тұлғаларға бірқатар маңызды мемлекеттік қызметтерді ұсынууда. Бөлімнің басты мақсаты – құрылыс және сәулет саласындағы рәсімдерді заң аясында оңай әрі тиімді ету, сондай-ақ жобалық құжаттамалармен жұмыс істеуде ашықтықты қамтамасыз ету.

Қызмет түрлері мен мерзімдері:

- Жылжымайтын мүлік объектілеріне мекенжай беру
Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлік объектілеріне мекенжай беру қызметі 7 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Бұл – тұрғын үй, нысан немесе коммерциялық ғимаратқа заңды мекенжай алу үшін қажетті рәсім.

- Құрылыс және реконструкция жобаларына бастапқы материалдарды ұсыну
Жаңа құрылыс немесе қолданыстағы ғимаратты қайта жоспарлау, қайта жабдықтау жағдайында азаматтар жобалық құжаттарды өзірлеу үшін қажетті бастапқы материалдарды ала алады. Қызмет түрлері техникалық күрделілік деңгейіне қарай жіктеледі:

- Күрделі емес объектілер үшін – 15 жұмыс күні;
- Күрделі объектілер үшін – 17 жұмыс күні.

Сонымен қатар, сәулет-жоспарлау тапсырмасы (СЖТ) мен инженерлік-коммуналдық техникалық шарт-тар:

- Күрделі емес объектілер үшін – 9 жұмыс күні;
- Күрделі объектілер үшін – 15 жұмыс күні.

Ал ғимарат ішіндегі үй-жайларды қайта жоспарлау немесе реконструкциялау жағдайында бастапқы ма-териалдар 15 жұмыс күні ішінде беріледі.

- Эскиздік жобаны (эскиз) келісуден өткізу
Эскизді немесе эскиздік жобаны келісу рәсімі 10 жұмыс күні ішінде қаралады.

Қызметтерді қалай алуға болады?

Мемлекеттік қызметтерді:

- eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы онлайн;

- ХҚКО (ЦОН) арқылы;

Ашықтық пен тиімділік – басты қағидат

Бөлім мемлекеттік қызмет көрсету барысында ашықтық, жеделдік және сапаны басты қағидаттар ретінде ұстанады. Құрылыс пен жобалау саласындағы кез келген әрекет – тиісті рұқсат пен заң аясында жүргізілуі тиіс.

БАЛАЛАРДЫҢ СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІГІ

Су – адам үшін қауіпті апат. Тіпті тыныш ағып жатқан тынық судың өзі қауіпсіз сияқты көрінгенімен, оның да өзіндікқауіптілігі бар. Әдетте, жүзе алмайтын балалар белден жоғары келетін, судың терең жеріне бара бермейді, сондықтан суда жүзе алмайтын балалар емес, өзін жақсы жүзе аламын деп санайтын балалар судағы қайғылы жағдайларға ұшырап жатады. Балаларға арналған судағы қауіпсіздік» тақырыбы балаларға ереже тәртібін оқытуға және жазатайым жағдайлардың санын азайтуға бағытталған. Мек-тепке дейінгі және мектеп жасындағы кішкентай балалар шомылу кезінде үнемі үлкендердің қарауында болуы тиіс. Сәл үлкенірек жастағыжеткіншекбалалар, өздері су айдынынашомылуғабарғанкезде де, сұғатүсугерұқсатетілген, қауіпсіздігісақталған, су астындағытерең ой-шұқырларыжоқ, қатты су ағысы, иірімнемесетолқыныжоқжерлердешомылуықажет. Көптегенжазатайымоқиғаларсұғашомылуға тыйымсалынғанжерлердеорыналады. Едәуіресекбалалар суда жүзөбілүжәне суда өзіндұрысұстауереж елерінбіліпқанақоймай, судағықиынжағдайлардаөзінұстайбілүмашығын да меңгеруіқажет. Оларегераяқт ыңтырысуыболғанжағдайда, өзінқалайұстаукеректігін, суғабатып бара жатқанадамдышамалауды, оған алғашқымедициналықкөмеккөрсетудіжөнөт.б. білуіқажет. Балаларғаарналғансудағықауіпсіздікережелері

Балалардыңсудағықауіпсіздігітуралыата-аналарненібілуікерек? суғатамақтанғаннанкейінбіржарым сағаттансоңшомылуғаболады; егерсудыңтемпературасы +16 °Стөменболса, сұғатүсугеболмайды, себебісудыңсуықтығынанаяқ-қолдыңтырысуынемесеестенайырылуғағдайларыболуымүмкін; су температурасы +17 °С-ден +19 °С-гедейінжәнеауаныңтемпературасы +25 °С болған жағдайда, суда 10-15 минуттанартықшомылуғаболмайды; суға тек қанасуғатүсугеарналғанқауіпсіз, арна йыжабдықталғанжерлердетүскерек. Егерсізжабайытабиғижерлердешомылудышешсеңіз, суы таза, тереңдігі 2 м аспайтын, судыңтүбіқиыршықтастынемесекұмдыжердіжәнеағысыжай 0,5 м/с жоғарыемесорындымтаңдағаныңызжөн (тексеруүшінсуғажаңаңатмемесетаяқпалу керек). Әрқашан су түбін тексеруқажетжәнешомылыпжатқанбалалардықадағалаңыз. Балалар су жағасындашомылуларықажет. Ешқашаншалшықсуғатүспеңіз; Егерсізмаскүідеболсаңыз, балалардысуғажібермеңіз, оларқараусызқалып қойғанжағдайда, қайғылыжағдайғаұшырауымүмкін.

Балалардың судағы қауіпсіздігінің негізгі ережесі: Белгі қойылған жерден асып жүзуге болмайды, ол болмаған жағдайда жағадан алыс жүзбеу керек; Кемеге жақын жүзуге болмайды; Таяз жерге немесе белгісіз тереңдікке секіруге болмайды; Қайық, айлақ, көпір үстінен және арналмаған жерлерден секіруге болмай-ды; Күнге қыздырылғаннан кейін немесе ұзақ жүгірістен соң суға секіруге болмайды, себебі естен айыры-лып қалу немесе жүректің тоқтап қалуы мүмкін. Алдыменсұменшайыныпалу керек; Дауылнемесетолқын болғанжағдайдашомылуғаболмайды; Қарсыласыңды суда ұстаптұруойыныменойнауғаболмайды, себебі жолдасыңтұншығыпжәнеесінжоғалтуымүмкін.

ЕГІНДЕРДЕГІ ӨРТТЕР

Астық алқабы - өрт шығу қауіпі жоғары аумақтың бірі. Дәнді дақылдар, өсімдіктер, шөптер – бәрі де құрғақ ыстықта өрт шығу қауіпін үдетеді. Астық алқабы өртенсе, өрт қысқа уақыт ішінде үлкейіп, жайылып кетеді. Әсіресе желді күні өрт бүкіл астық алқаптарына тез арада таралады. Сондықтан астық алқабын өрттен сақтау үшін төмендегі аталған шараларды қолдану керек:

- астық жинау кезеңі бастал-мас бұрын, оған жұмылдырылған барлық тұлғаларға өртке қарсы нұсқаулықтан өту қажет;
- өрт кезінде өрт сөндіру бөлімшелерін шақыру тәртібін белгілеу;
- астық жинау алқабында күні-түні кезекшілік қою;

- масақты егін пісер алдында олардың орман алқаптарына, дала жолағына, автомобиль жолдарға

іргелес жерлерінде ені кемінде 4 метр жолақ шабылып және жырты-луы қажет;

- астық алқаптарының алаңы кемінде 50 гектар учаскелерге бөлуі қажет.

Алдын алу – ең басты қорғаныс Мамандардың айтуынша, егін алқаптарындағы өрттің 90%-ы адамның салғырттығы мен немқұрайлығының кесірінен бола-ды. Сондықтан ауыл шаруашылығы құрылымдарына, шаруа қожалықтарына және қарапайым тұрғындарғаөрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін қатаң ұстану қажет:

Астық жинау және тасымал-дау кезінде техникалардың жарамдылығын қатаң қадағалау;

Әрбір алқапқа кемінде бір өрт сөндіру құралын дайындау; Агротехникалық алқаптарда өртке

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданының
ТЖБ аға инженері
азаматтық қорғау капитаны

қарсы минералды жолақтар жүргізу; Қоқысты өртеу кезінде міндетті түрде бақылау орнатып, толық өшірілгеніне көз жеткізу; Жанармай құятын орындарды ар-найы белгіленген қашықтықта ор-наластыру.

Өрт сөндіру шаралары жан-жақты алдын ала дайындалуы тиіс. Өрт кезінде техниканы, малдарды қауіпсіз жерге көшіру қамтамасыз етілуге тиіс. Өрт сөндіруге жауап-ты адам әкімшіліктерге өрт сөндіру барысы туралы үзбей хабарлама беріп тұруы тиіс.

Дер кезінде істелген шара-лар сіздің денсаулығыңыздың, тыныштығыңыздың кепілі бола алады, мемлект және халық мүлкін апаттан қорғап қалады.

Өрт туындағын кезде өрт сөндіру қызметіне «101» үй телефоны не-месе ұялы телефонымен қонырау шалыңыз.

Қ. ӘШІМОВ ,
Ескелді ауданының
ТЖБ инженері
азаматтық қорғау аға лейтенанты

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ- ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫС,ҮЛЕС ҚОС

Елімізде ұлттық ауыл шаруашылығы санағы басталады.1 тамыз бен 20 қазан айы аралығында өтетін бұл санақ елдің аграрлық секторының жай-күйі туралы өзекті деректерді алуға бағытталған ауқымды статистикалық зерттеу.

Санақ Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде жүргізіледі . Іс- шара онлайн –сауалнама және үй шаруашылықтарын аралау бой-ынша іске асады.

Онлайн кезең 1-31 тамыз аралығында sanaq.qov.kz сайтында өтеді. Онда респонденттер санақ парақтарын өз бетінше толтыра ала-ды.20 қыркүйектен 20 қазан айына дейін интервьюерлер онлайн са-уалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарына барады. Біз барлық азаматты санаққа белсенді қатысуға шақырамыз .Бұл

Жай ғана статистикалық шара емес,бұл-азық түлік қауіпсіздігі,

Шаруа қожалықтары мен фермерлерді қолдау және аймақтарды да-мыту шешімдерінің негізі.Тек сенімді деректер ғана тиімді мемлекеттік аграрлық саясатты қалыптастыруға көмектеседі.

Сауалнамаға өсімдік шаруашылығы ,мал шаруашылығы және балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар,жеке кәсіп-керлер ,шаруа фермерлік қожалықтар қатысуы тиіс.

Сондай-ақ ,үй –үйді аралау кезінде жеке қосалқы шаруашылы-ғы, бақшасы ,жер учаскесі,мал ұстайтын үй шаруашылықтары тура-лы сұралады.Санаққа ауданымыздағы 12277үй шаруашылығы мен 2045ауылшаруашылығы өндірушілері қамтылады деп жоспар-лануда.

Сауалнама өткізу үшін 26 интервьюер тартылады.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін ауылдық әкімдіктер мен аудан-дық статистика бөлімінде интернетке қосылған өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ашылады.Кеңес алу үшін азаматтар sanaq.qov.kz сайтында sanaq Myrza виртуалды көмекшісіне немесе 1446 байланыс орталығына жүгіне алады.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН 2-АШК/ШФҚ САНАҚ ПАРАҒЫ

9бөлімнен және 29 сурақтан тұрады

Не туралы жауап беру керек:

- жер учаскелерінің нақты аудандары,мақсаты және суарудың

қолданылатын әдістері

- жерді пайдалану нысаны және пайдалану

мақсаттары(егістіктер,көпжылдық дақылдар,жайылымдар)

- мал басы,құстар мен балықтар,шаруашылықта өсірілетін түрлері

- ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары

- шаруашылық қызметте пайдаланылатынжайлар,қоймалар және

басқа да объектілер

- тыңайтқыштарды,өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану,орга-никалық өнім шығару

- сатылатын өнімнің көлемі

- жұмысшылар саны және олардың негізгі демографиялық сипатта-малары

ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНА АРНАЛҒАН 3-ЖҚШ САНАҚ ПАРАҒЫ

9 бөлімнен 22 сұрақтан тұрады

Не туралы жауап беру керек

- жер учаскелері және өсірілетін дақылдар

- мал мен құстың саны,жайылымға шығару

- мал ұстауға арналған нысандардың болуы

- өнімді сату немесе оны өз қажеттіліктері үшін пайдалану

Ескелді ауданының статистика бөлімі

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРІ!

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдесіндегі №477-IV «Халықтың көші-қон туралы» заңының 36-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №274 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу оны Қазақстан Республикасының өңірлері ара-сында бөлу қағидаларында көрсетілген тәртіппен 2026 жылға арналған жұмыс берушілердің шетелдік жұмыс күшіне қажеттіліктерін анықтап, бекіту мақсатында ағымдағы жылдың 15 қыркүйегіне дейін өтінімді арнайы нысанда мемлекеттік және орыс тілдерінде Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне ұсынулары қажеттігін хабарлаймыз.

Сұрақтар және өтінімдерді ұсыну бойынша аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің №2 кабинетіне жолығуларыңыз болады немесе 3-00-62 нөмірі бойынша хабарласыңыздар.

УВАЖАЕМЫЕ РАБОТОДАТЕЛИ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

В соответствии со статьей 36-1 Закона Республики Казахстан от 22 июля 2011 года №477-IV «О миграции населения», утвержденными приказом заместителя Премьер-министра-министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 30 июня 2023 года №274 «Об уста-новлении квоты на привлечение иностранной рабочей силы в Республику Казахстан « в правилах распределения ее между регионами Республики Казахстан в указанном порядке сообщаем, что в целях определения и ут-верждения потребностей работодателей в иностранной рабочей силе на 2026 год до 15 сентября текущего года необходимо представить заявку в специальной форме на государственном и русском языках в Ескельдин-ский районный отдел занятости и социальных программ.

По всем вопросам обращаться в кабинет №2 Отдела занятости и со-циальных программ Ескельдинского района или же по номеру телефон 3-00-62.

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаха-насында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шыға-рылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1109 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
---	---	---	--	--	---	--